

2022 жылы Еуразиялық экономикалық комиссиясы шешімдері жобаларының реттеуші әсерін бағалауды жүргізу мониторингі туралы

Еуразиялық Үкіметаралық Кеңестің 2023 жылғы 8 маусымдағы № 13 Өкімі.

Еуразиялық экономикалық комиссияның 2022 жылы Еуразиялық экономикалық комиссиясы шешімдері жобаларының реттеуші әсерін бағалауды жүргізу мониторингі туралы, Еуразиялық экономикалық одақ органдарының нормативтік-құқықтық сипаттағы актілерінің кәсіпкерлік қызметті жүргізу шарттарына нақты әсерін бағалау тетігін енгізу туралы және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № 12 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық интеграцияны дамытудың 2025 жылға дейінгі стратегиялық бағыттарының II бөлімінің 9.1.6 және 9.1.15-тармақтарын іске асыру шеңберінде кәсіпкерлік қызметті жүргізу жағдайларына әсер етуі мүмкін Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде Еуразиялық экономикалық одақта халықаралық шарттар жобаларының реттеуші әсерін бағалау рәсімін жүргізу үшін құқықтық негізді қалыптастыру туралы жыл сайынғы есебі туралы ақпаратын назарға ала отырып,

1. Еуразиялық экономикалық комиссиясы:

Еуразиялық экономикалық комиссиясы шешімдері жобаларының реттеуші әсерін бағалауды жүргізу рәсімін жетілдіру жөніндегі;

Еуразиялық экономикалық комиссиясы қабылдаған шешімдердің нақты әсерін бағалау тетігін енгізу жөніндегі;

Еуразиялық экономикалық одақта кәсіпкерлік қызметті жүргізу жағдайларына әсер етуі мүмкін Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі халықаралық шарттар жобаларының реттеуші әсерін бағалау рәсімін жүргізу үшін құқықтық негізді қалыптастыру жөніндегі жұмыстарын жалғастырсын.

2. Осы өкім Еуразиялық экономикалық одақтың ресми сайтында жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Еуразиялық үкіметаралық кеңесінің мүшелері:

Армения Республикасынан	Беларусь Республикасынан	Қазақстан Республикасынан	Қырғыз Республикасынан	Ресей Федерациясынан
----------------------------	-----------------------------	------------------------------	---------------------------	-------------------------